

10 қаңтар күні «Ә.Жанкелдин атындағы орта жалпы білім беретін мектеп» КММ-сінде 8-11 сынып қыз балалар оқушылары арасында жиналыс болды. Күн тәртібінде бүгінгі күннің өзекті мәселесі –ерте жүктілік және оның алдын алу. Осы мәселе бойынша аудандық аурухананың акушер-гинеколог дәрігері Оңдашева Амангүл Арманқызы ерте жүктілік кезіндегі ағзадағы физиологиялық өзгерістер жайында, ерте жүктіліктің несімен қауіпті екендігі туралы ақпараттармен бөлісті. ЗОЖ дәрігері А.Толыбаева ерте жүктіліктің зиянды және қауіпті жақтарын нақты дәлелдермен мол мағлұматтар келтірді, өзінің ақыл –кеңесін берді. Осы тақырыптарға орай «Балауса» қыздар ұйымының жетекшісі Қ.Кошимова, мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М.Тітірбаева, тәлімгер Ш. Мағзумова, мектеп психологы Ж.Ауанова жағымсыз әрекеттердің алдын алу туралы өз ойларымен бөлісті, жиналыс соңында оқушылармен сұрақ-жауап айдары болды. Аудандық аурухана дәрігерлері осындай пікірлесу алаңын ұйымдастырғаны үшін мектеп әкімшіліген ризашылығын білдірді.



10 қаңтар күні мектебімізде жас жеткіншектердің адам тәрбиесі мен қоғам тәрбиесіне байланысты көзқарастарын дұрыс қалыптастыра отырып, болашақта ұрпақ қамын, ұлт тағдырын ойлайтын қоғамның мүшесі болуларына жағдай жасау, қоғамда кең белең алып отырған өзекті мәселелердің жас жеткіншектерге жасалатын зорлық-зомбылық, оның алдын алуға түсініктеме беру мақсатында 6-7 сыныптардың қыз балаларымен жиналыс өткізілді. Жасөспірімдерге үлкендер тарапынан физикалық зорлық, кибербуллинг т.б. зорлық түрлерінен сақтану жолдары туралы мектеп психологы Ж.Ауанова, «Балауса» қыздар ұйымының жетекшісі Қ.Кошимова, мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М.Тітірбаева өз ойларын жеткізді. Үлкендер тарапынан жасалатын физикалық зорлық байқалған бойдан оны жасыруға болмайтындығы түсіндірілді.

